5-САБАҚ

КЕШЕ НЕ ІСТЕДІҢІЗ?

1. Сұқбатты тыңдаңыз.

Кеше не істедіңіз?

Кеше жұмысқа бардым.

Құжатқа қол қойдыңыз ба?

Иә, қол қойдым.

Анықтамаңызды алдыңыз ба?

Иә. Алдым.

Сенімхатты тексердіңіз бе?

Иә. Тексердім.

2. Тыңдаңыз, бос орындарды толықтырыңыз.

Нотариусқа _____.

Сенімхат_____.

Құжатқа _____ _____.

Шешім _____.

Дөңгелек үстелге _____.

Клиентпен _____.

Құжатты _____.

Сенімхатты _____.

Жұмысқа _____.

Төлемақы_____.

Түбіртек_____.

LIVEWORKSHEETS

3. Үлгі бойынша етістіктерді өткен шақта жазыңыз.

-ты, -ті; -ды, -ді

Мен
- дөңгелек үстелге қатыс_____
- клиентпен сөйлес_____
- құжатты тексер_____
- сенімхатты оқы_____
- жұмысқа бар_____
- төлемақы төле_____

+м

Мен
- нотариусқа кел____
- сенімхат бер____
- құжатқа қол қой____
- шешім шығар____
- құрылтайшымен сөйлес____
- жиналысқа қатыс____

+м

4. Жұптастырыңыз.

Құжатқа	кездестім.
Жиналысқа	тексердім.
Құжаттарды	шығардым.
Төлемақы	бардым.
Шешім	төледім.
Нотариуспен	қол қойдым.

LIVEWORKSHEETS

5. Бос орынды толықтырыңыз.

Мен кеше құжатқа қол _____.
Мен таңертең жиналысқа _____.
Мен құжаттарды _____.
Мен түсте нотариусқа _____.

Мен кеше шешім _____.
Таңертең төлемақы _____.
Мен таңертең жұмысқа _____.
Мен түсте дөңгелек үстелге _____.

6. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

II жақ
Сен -ң
Сіз -ңыз, -ңіз

Сен құжатқа қол қойдың ба?
Сіз шешім шығар _____ба?
Сен құжатты тексер _____бе?
Сен жиналысқа қатыс _____бе?
Сен нотариусқа кел _____бе?
Төлемақы төле _____бе?
Құрылтайшымен сөйлес _____бе?
Мөр қой _____ба?

7. Үлгінің көмегімен сұрақтарға жауап беріңіз.

Етістік + (-ма, -ме; -ба, -бе; -па, -пе) + (өткен шақ) + тәуелдік жалғауы
Мысалы: бар+ма+ды+м

Сіз құжатты бердіңіз бе?
Иә, мен құжаттарды бердім.
Жоқ, мен құжаттарды бермедім.

Сен қол қойдың ба?
Сен жұмысқа келдің бе?
Сіз төлемақы төледіңіз бе?
Сіз құрылтайшымен сөйлестіңіз бе?
Кеше жиналысқа қатыстыңыз ба?
Құжатты тексердіңіз бе?
Шешім шығардыңыз ба?
Тұтынушыны қабылдадыңыз ба?

LIVEWORKSHEETS

8. Мәтінді тыңдаңыз, бос орындарды толықтырыңыз.

Мен кеше күні бойы жұмыста _____ . Таңертең сенімхат _____ . Жиналысқа _____ . Нотариаттық іс-әрекеттер _____ . Телефонмен _____ . Кеңес _____ .

Анықтаманы _____ . Түстен кейін семинарға _____ және шешім _____ . Мөр _____ .

9. Тест сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Мен шешім _____.
А. шығарды
Ә. шығардың
Б. шығардыңыз
В. шығардым

2. Ол құжатты _____ .
А. тексерді
Ә. тексердің
Б. тексердіңіз
В. тексердім

3. ___ құжатқа қол қойдыңыз ба?
А. Ол
Ә. Мен
Б. Сен
В. Сіз

1. Сіз мөр қойды ____ ба?
А. -ым
Ә. -іңіз
Б. -ің
В. -ңыз

2. Мен төлемақы төледі _____ .
А. -ым
Ә. -іңіз
Б. -м
В. -ңыз

3. Мен жұмысқа _____ .
А. барды
Ә. бардым
Б. бардыңыз
В. бардың

LIVEWORKSHEETS